

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Тәрағасының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәрағасының 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 24 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 сәуірде № 222488 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабының 1-тармағының 11)-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға қабылдау" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Тәрағасының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 12 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 20197 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 3 сәуірде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: қағидаларына келесі өзгеріс енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға қабылдау Қағидаларының 18-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"18. Шет тілдері бойынша қабылдау емтихандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығымен даярланған технологиясы бойынша өткізіледі.

Халықаралық сертификаттары бар тұлғалар, шет тілін менгергенін растайтын Жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарға) сәйкес шет тілінен тұсу емтиханынан келесі бағдарламалар бойынша босатылады:

ағылшын тілі: International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл кемінде 6.0;

IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор), шекті балл кемінде 6,0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл кемінде 543;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде 60;

TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бейсед тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing, шекті балл кемінде 498;

Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш Тест), шекті балл кемінде 95; неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулуцуган) (DSH, NiveauC1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (тестдаф-прюфун) (NiveauC1/C1 деңгейі);

француз тілі: Test de Franzais International™ -Тест де франсэ Интернасиональ (TFI (ТФИ) оқу және тыңдалым секциялары бойынша В1 деңгейден төмен емес), Diplome d' Etudes en Langue franzaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), В2 деңгейі) , Diplome Approfondi de Langue franzaise Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), С1 деңгейі), Test de connaissance du franzais - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) кемінде 50 балл)".

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Жоғырғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясының ректоры З.Х. Баймодинаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының төрағасы

Ж. АСАНОВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК